

## Дәрістердің қысқаша конспектісі

### 1 –апта

Қазақ тілінің әліпбиі. Танысу. Ұстазбен танысу. Топпен танысу. Дәрісханамен танысу .Кітапхана ( оқулықтармен танысу) Фонетика .Дауысты дыбыстар туралы жалпы мәліметтер.А-Ә дыбыстары.О-Ө дыбыстары.Дауысты дыбыстар туралы жалпы мәліметтер.Ы-І дыбыстары.А,ә,о,ө,ұ,ү,е,ы,і,э,и,у.Жуан – а, о, ұ, ы (и,у).Жіңішке – ә, ө, ү, і, е, э (и,у). Көкөністер. Қазақ әліпбиін айту, жазу. Жаңа сөздерді тақтаға жаздыру,оқыту.Отбасы.Ата, ана, әке,аға,әпке, әже, іні ,қарындас, сіңлі.Азық-түлік.Нан,сүт,май,қант.тұз,шай,ет,жұмыртқа.Адамның дене мүшелері. Көз, мұрын, ауыз, иек,саусақ,бас, шаш, құлақ, мойын,қол, кеуде, аяқ. ( оқулық бойынша 1-3 сабақ )

### 2–апта

Дауысты дыбыстар туралы жалпы мәліметтер.Ұ-Ү дыбыстары .Көкөністер. Е дыбысы .Жыл мезгілдері.Ай аттары.Апта күндері.И-У дыбыстары. Отбасы мүшелері. Базарда, жеміс-жидектер сатып ала білу. Диалог құру. Өзін толық таныстыру. Отбасы мүшелерін толық айта білу,отбасы тақырыбында шағын әңгіме құру. *Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.*

И-гі-лік, и-рек, уа-қыт, уә-зір, у-іл, су, ки-ім, ти-ын, и-ық, жи-на-лыс, е-зу, ку, ау, ту-ы-лу, си-рек, и-те-ру, жу-ық.

2-жаттығу. *Назар аударып оқыңыз.*

А) *Қиын,сақина ,ине, киім, тиын, тиін, жина, қина, биле, Нағима, иық, сирек, илеу, Салима, ит.*

Ә) *Суық, уіл, булау, сулау, гуіл, уәзір,дауыл, өсу, жауын, күлу, қауын, аунау, шу, шуақ, жаулық, шәугім, Дубай, ауған, Алатау, Еуропа, куәлік, бура, сурет.*

Берілген мақалдан «у, и» дыбысына сипаттама жасаңыз:

- 1) Жаңбыр жауса, жер ырысы, Батыр туса, ел ырысы
- 2) Оқу-инемен құдық қазғандай.
- 3) Уәде – құдай сөзі.
- 4) Жалқаулық-жаман ауру.

«Ұ, ү, у» дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығына назар аударыңыз. Дұрыс оқыңыз.

Бура	Бұрыш бүрге	
Ашу	бұршак,	сүңгі
суық	кұрбақа	жүгіру
тауық	құлақ	бүгін
уқалау	құрылыс	үлгі

(оқулық бойынша 4-6 сабақ )

### 3–апта

Э дыбысы . Қосарлы дыбыстардың таңбасы.Е,Ю,Я.Ыдыс –аяқ атаулары.

Ас бөлмесінде екі студент ыдыс-аяқ атауларын пайдалана отырып сөйлесе білу. Ыдыс –аяқ атауларын жатқа айту.«Э» дыбысы орыс тілінен енген дауысты дыбыс. Қазақтың төл сөздерінде кездеспейді.

Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.

Эпи-тет, экс-по-нат, эн-цик-ло-пе-ди-я, эс-тон, эс-тра-да, э-фир, эс-те-ти-ка, э-ти-ка, эт-но-граф, э-ве-рест, э-пос, э-нер-гия.

«Э, Е» дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығына назар аударыңыз. Дұрыс оқыңыз.

Электр	Етікші
Эпопея	Есім
Эмаль	Ертең
Этика	Ертегі
Эстетика	Еңбек

*Тыңдаңыз, қайталаңыз, оқыңыз.*

Вахтёр, қоян, таяқ, ою, аяқ, актёр, ояу, бояу, япырай, яки, қою, аю, юмор, Юра, юань, ұя, ұялшак, пияз, аяз, сия, тиянақты, тақия, яғни.

*Қане тілдесейік!*

- Сәлем, Анар.

- Сәлем, Алмас.

- Анар, танысып қой, бұл менің досым Әли.

- Өте қуаныштымын, менің атым Анар.

- Мен де қуаныштымын.

#### 4–апта

Дауыссыз дыбыстар . Үнді дауыссыздар:М,Н,Ң,Л;Р,Й,У.Киім атаулары. Ұяң дауыссыздар: Б,В,Г,Ғ,Д,Ж;З. Төрт түлік атаулары. Қатан дауыссыздар:Қ,К,Х;Һ,Ш,Щ,Ч,С,Ц,С,П,Ф,Т.Хайуанттар.Көптік жалғау .Кім? Не? Құстар Тәуелдік жалғау.Жиһаздар.Мамандық атаулары. Жіктік жалғауы. Көлік түрлері.Жаңа сөздерді буынға бөлу.

Берілген мәтіннен үнді дыбыстары бар сөздерді теріп жазыңыз.

Қазақстан –тәуелсіз мемлекет. Қазақ халқы –қонақжай әрі мейірімді халық. Қазақ жері кең, табиғаты әсем, пайдалы қазбалары мол. Қазақстан- көп ұлтты мемлекет. Олар өзара тату-тәтті тұрады.

Қосымша тапсырма:

А) Сөздіктің көмегімен түсініксіз сөздердің мағынасын анықтаңыз.

Ә) Берілген мәтіндегі жуан және жіңішке сөздерді топтап айтыңыз.

*Төмендегі сөздерді салыстырып оқыңыздар.*

Тон-тоң

Жаңа-жаңа

Тонды-тоңды

Рас-лас

Ара-ала

Қатар-қатал

*Қане тілдесейік!*

- Амансыз ба, апа!

- Амансың ба, қарағым.Атың кім, айналайын?

- Менің атым Хамит.

- Өркенің өссін, балам!

- Аман болыңыз, апа.

-Сау бол, қарағым!

Тиісті жалғауды жалғаңыз.

Мен аспазбын, журналист....., ақын....., ұстаз....., студент....., әнші....., биші....., жазушы....., филолог....., сен дәрігер....., инженер....., оқушы....., ғалым....., есепші....., сіз құрылысшы....., суретші....., ол оқытушы....., саясаткер.....;

Лексикалық тақырып

Киім атаулары:күрте,шалбар, жейде,тон, жемпір, көйлек ,етік т.б.

Хайуанаттар:аяу, түлкі, арыстан,қасқыр,жолбарыс, қоян т.б.

Төрт түлік атаулары:сиыр, қой, жылқы, бұзау, ешкі, лақ, қозы т.б.

Жиһаздар:үстел, орындық, сөре т.б.

Мамандық атаулары: ұстаз, дәрігер, суретші,бағдарламашы,биші т.б.

#### 5–апта

Зат есім . Етістік. Мамандық атаулары. Барыс септік .Мақал –мәтелдер.Табыс септігі. Дәнді дақылдар. Шығыс септігі.Алматы қаласының көрікті жерлері. Көмектес септігі.Ұлы тұлғалар. Зат есімдерді жалғаулармен қатыстырып сөйлемдер құру. Дүкенде тақырыбында (азық-түлік, киім-кешек, ыдыс-аяқ т.б. өткен жаңа сөздерді қайталай отырып) диалог құру .Саяхатта тақырыбында шығыс септігімен байланыстыра отырып, шағын әңгіме құру. Мұражай туралы пікірлерін айта білу.

ЗАТ ЕСІМ→ ЕТІСТІК

Асқар келді

З.Е +(Септіктер)→ ЕТІСТІК

Кітапхана+ға бардым

Тілдік анықтамалық. Барыс септік: Кімге? Неге? Қайда?

Сұрағы	Жалғауы	мысалы
Кімге?	Ға ге қа ке	Адамға, үлкенге
Неге?	Ға ге қа ке	Қаламға, терезеге
Қайда?	Ға ге қа ке	Қалаға, үйге

Жалғауы:	
-ға-ге	I, II, III, IV
-ға-ке	IV-б,в,г,д; V

### Шығыс септігі

	жалғаулары	мысалдары
III-м, н,ң	Нан нен	Ираннан, Пекиннен
I, II IV-з,ж III-р й у л	дан /ден	Түркиядан, Ресейден, қағаздан, дәптерден
V	тан /тен	Кітаптан, төсектен, Шымкенттен

### Көмектес септігі

	жалғаулары	мысалдары
I,II,III	мен	Анамен, баламен, әкемен, інімен
IV-з,ж	бен	Қызбен, теңізбен, ұстазбен
IV-б,в,г,д V	пен	Ұшақпен, педагогпен, кітаппен, топпен

Берілген мысалдарға «ға-ге-қа-ке» жалғауын жалғаңыз:

Ұстаз, ағаш, кітап, қағаз, өзен, сәби, көл, тау, қалам, қабырға, дүкен, базар, нан, қыз, мұражай, әуежай, гүлзар, адам, студент.

Төмендегі мәтіннен барыс септікті сөздерді теріп жазыңыз

Демалыста біз Медеуге бардық. Таза ауада демалып, үйге кешке қайттық. Мен ағамның үйінен тамақтанып, жатақханаға қайттым. Ертең сабаққа баруым керек. Мен семинарға дайындалуға отырдым.

Көп нүктенің орнына қажетті барыс жалғауын жалғаңыз:

Таңертең университет..... бардым. Кеше Асан базар.... барды. Досыммен кино.... бардық.

Кітапхана..... жаңа оқулықтар әкелінді. Дүкен.... жаңа тауарлар келді. Телефон.... ақша салдым.

Аспан.... қарадым. Түнде көше.... шықтым. Жексенбіде саяхат.... бардық.

Есте сақтаңыз:

I-II		I-II		Мысалдар:
Менің	БМ-ім	м	А-е	Досыма, әкеме
Сенің	БҢ-ің	ң	А-е	Дасың, әкеңе
Сіздің	БҢЫЗ-іңіз	ҢЫЗ-ңіз	Ға-ге	Досыңызға, әкеңізге
Оның	Сы-сі	Ы-і	На-не	Дасына, әкеңе
Біздің	БІМЫЗ-іміз	МЫЗ-міз	Ға-ге	Досымызға, әкемізге
Сендердің	БҢ-ің	ң	А-е	Достарыңа, әкеңе
Сіздердің	БҢЫЗ-іңіз	ҢЫЗ-ңіз	Ға-ге	Достарыңызға, әкеңізге
Олардың	Сы-сі	Ы-і	На-не	Достарына, әкесіне

### МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол!

Қызға қырық үйден тиым.

Ақыл азбайды, білім тозбайды.

Білімдінің жүзі жарық.

Сабыр түбі- сары алтын.

Асханада

- Сәлеметсіз бе

-Сәлеметсің бе

-Түскі асқа сіздерде не бар?

- Сорпа, палау, тұшпара, қуырдақ бар

- Сусыннан не бар?

- Шай, кофе, шырын бар

-Маған палау, шай, нан беріңізші. Қанша төлеуім керек?

- Мінеки, алыңыз. Сізден бес жүз алтыс теңге.

-Рахмет, сау болыңыз!

Абай (Ибраһим) Құнанбаев Құнанбайұлы (1845-1904) — ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған.

Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында еңбек етті. Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Алған білімін өз халқының пайдысына асыруға талпынды.

Байтұрсынұлы Ахмет- қазақтың көрнекті ақыны, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазуды құрастырушы. Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

6-апта

Сын есім. Сапалық сын есім. Түстер. Сан есім. Қасиетті сандар. Бөлшектік сан есім. Реттік сан есім. Музыка аспаптары. Сын есімдерге сұрақ қоя білу, сұрақтарға жауап жаза білу. Сан есіммен зат есімді тіркестіру. Неше? нешеу? Нешінші? сұрақтарына жауап беретін сан есімдер жазу.

СЫН ЕСІМ

Кім?	Қандай?	Не?	Қандай?
жігіт	сымбатты	Кітап	қызықты
Қыз	әдемі	Дала	суық
Оқушы	ақылды	Бөлме	жарық
дәрігер	мейірімді	Ағаш	биік
Бала	кішкентай	Аспан	көк

Көп нүктенің орнына тиісті сын есімдерді қойыңыздар.

Алматыда бүгін ауа райы .....	Жылы, суық, ыстық, бұлтты
Астана .....қала	Әдемі, көрікті, үлкен
Көкшетау Қазақстанның ең .....аймағы.	Орманды, таулы, ормансыз
Менің досымның көлігі.....	Үлкен, кішкентай, қымбат, арзан
Қолшатыр	Жасыл, үлкен, сары
Азық түлік бағасы	Қымбат, арзан, орташа

Төмендегі сын есімдерді жазыңыз.

Таза, әдемі, сымбатты, әсем, үлкен, кіші, лас, орташа, биік, аласа, жуан, жіңішке, әдепті, әдепсіз, көрікті, таулы, суық, ыстық, ылғалды, жақсы, жаман, ақ, қара, ержүрек, ақылды, қымбат, арзан, қолайлы, ұзын, қысқа, қызыл, жасыл.

Қане, тілдесейік!

- Сәлем, Арман. Сен қайда тұрасың?

- Мен жатақханада тұрамын.

- Сенің бөлмең қандай?

- Менің бөлмең кең, жарық, таза.

-Ал, сен қайда тұрасың?

-Мен пәтерде тұрамын. Менің пәтерім кіші және қолайлы.

САН ЕСІМ

Сауалы: ҚАНША? НЕШЕ?			
САН	ЖАЗБАША	САН	ЖАЗБАША
1	Бір	20	Жиырма
2	Екі	30	Отыз
3	Үш	40	Қырық
4	Төрт	50	Елу
5	Бес	60	Алпыс
6	Алты	70	Жетпіс
7	Жеті	80	Сексен
8	Сегіз	90	Тоқсан

9	Тоғыз	100	Жүз
10	Он	1000	Мың

Берілген есептік сан есімдерді цифрмен жазыңыз.

Жиырма, қырық, жеті, тоғыз, сексен, жүз, төрт, екі, сегіз, отыз, мың, елу, алпыс, алты, бес, үш, он.

Берілген сандарды сөзбен жазыңыз, оқыңыз.

5, 10, 60, 30, 7, 6, 3, 2, 1000, 50, 20, 70, 1, 40, 90, 100, 8, 9, 80.

Берілген сандарды дұрыс оқыңыз.

Он бес(15), жиырма екі (22), отыз үш (33), қырық сегіз (48), елу төрт (54), алпыс жеті (67), жетпіс бір (71), сексен алты (86), тоқсан тоғыз (99), жүз үш(103).

*Қане, тілдесейік!*

- Саған не керек?

- Маған қалам керек.

- Қандай қалам керек?

- Қызыл және қара түсті екі қалам керек.

Жинақтық сан есім

ҚАНША? НЕШЕ?	-АУ(I) -ЕУ(II)	ҚАНШАУ? НЕШЕУ?
Бір		Біреу
Екі		Екеу
Үш		Үшеу
Төрт		Төртеу
Бес		Бесеу
Алты		Алтау
Жеті		Жетеу

#### Реттік сан есім

Неше?	-Ыншы, -інші -Ншы, -нші	Нешінші?
Бір		Бірінші
Екі		Екінші
Үш		Үшінші
Төрт		Төртінші
Бес		Бесінші
Алты		алтыншы
Жеті		Жетінші
Сегіз		Сегізінші
Тоғыз		Тоғызыншы
Он		Оныншы

#### ТӨРТ ТҮЛІК ПІРЛЕРІ

Түйе пірі-Ойсыл қара

Жылқа пірі-Қамбар ата

Сыыр пірі-Зеңгі баба

Қой пірі-Шопан ата

Ешкі пірі-Шекшек ата

Бөлшектік сан есім

Неше?	Бөлшектік
Бір	Екіден бір
Екі	Төрттен үш
Үш	Оннан бес
Төрт	Жиырма бестен бір
Бес	Жетіден алты
Алты	Сегізден екі
Жеті	Алтыдан бес
Сегіз	Отыздан жеті

Тоғыз	Тоғыздан бес
Он	Оннан тоғыз

Мәтінмен жұмыс

Мен шәкіртақымның үштен бір бөлігін кітапқа арнаймын. Дүние жүзінің төрттен үш бөлігін су құрайды. Біздің топтың екіден бірі үздік студенттер. Теңіз суының жиырмадан бір бөлігін тұз құрайды. Алманың үштен бір бөлігін ініме бердім. Адамның ағзасының бестен төрт бөлігін су құрайды.

2-жаттығу. Берілген сан есімдерден бөлшектік сан есім жасаңыз:

1,2,3,5,8,9,6,7,10,4.

3-жаттығу. Сан есімдерді пайдаланып диалог құрыңыз.

Топтау сан есім

Неше?	-нан-нен -дан-ден -тан-тен	Қаншадан? Нешеден?
Бір		Бірден
Екі		Екіден
Үш		Үштен
Төрт		Төрттен
Бес		Бестен
Алты		Алтыдан
Жеті		Жетіден
Сегіз		Сегізден
Тоғыз		Тоғыздан
Он		Оннан

Төмендегі сандарға «-дан, ден, тан, тен, нан, нен» жалғауын жалғаңыз.

12, 24, 2, 7, 36,70, 3, 44, 68, 73, 82, 9, 16, 6, 4, 97, 5, 10, 60, 30, 1000, 50, 20, 70, 1, 40, 90, 100, 8, 9, 80

Берілген мақал-мәтелден сан есімдерді тауып, мағыналық түріне қарай ажыратыңыз.

Алпыс күн тасыған су алты күнде қайтар

Қызға қырық үйден тыю

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні

Қырықтың бірі-Қыдыр.

Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды

Қане, тілдесейік!

-Сәлем, Ахмет!

-Сәлем, Айша!

-Ахмет, сен қай қалада тұрасың?

-Алматы қаласында

-Үйлерің неше қабатты?

-Үйіміз үш қабатты

-Үйіңде бақша бар ма?

-Иә, бар.

7-апта

Есімдік .Тұрмысқа қажетті құрал-жабдықтар .Сұрау есімдігі .Оқу құралдары.Қалып етістіктер.Әсемдік бұйымдар.

ЕСІМДІК

Есім сөздердің орнына жүретін сөз табы (зат есім, сан есім, сын есім)

Жіктеу есімдігі

Мен	Мен келдім	Есімдік+ етістік
Сен /сендер	Сен айттын/дар	Есімдік+ етістік/к.ж
Сіз /сіздер	Сіз оқыдыңыз/дар	Есімдік+ етістік/ к.ж
Ол /олар	Ол серуендеді	Есімдік+ етістік/к.ж
Біз	Біз сөйлестік	Есімдік+ етістік

Берілген сөз тіркестерін толықтырыңыз

..... келдім, ..... айтты, .....отырдық, ..... бердіңіздер, .... естіді, ..... оқыдым, ..... жинадың, ..... жаздыңыз, .....қыдырдық.

Сілтеу есімдігі

Бұл	Бұл -досым
Сол	Сол-кітап
Мынау	Мынау-тақта
Анау	Анау-көршім
Міне	Міне-дәрісхана
Әне	Әне-үйім
Мінеки	Мінеки-дәптерің
Ол	Ол-кітапхана

Сұрау есімдігі

Кім?	Кім келді?
Не?	Не болды?
Қашан?	Қашан сабақ басталады?
Қанша?	Қанша бала?
Қандай?	Қандай көше?
Қайда?	Қайда орналасқан?
Қалай?	Қалай өтті?

Болымсыздық есімдігі

Ешқашан	Ешқашан айтпайды
Ештеңе	Ештеңе білмейді
Ешқандай	Ешқандай уайымсыз
Ешкім	Ешкім келмеді
Ешнәрсе	Ешнәрсе болмады
Дәнеңе	Дәнеңе жоқ

ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ

8–апта

Дара және күрделі етістік . Ұлттық тағамдар атаулары.Болымды және болымсыз етістіктер.

Жұлдыз атаулары.

ЕТІСТІК

Іс-әрекетті, қимылды білдіретін сөз табы.	
Не істеді? Қайтті?	Мысалдары:
	Оқы
	Жаз
	Кел
	Тыңда
	Сөйле
	Отыр

Есте сақтаңыз:

Етістік	III, I	-а-	Бар+а+мын
Етістік	III, II	-е-	Кел+е+мін
Етістік	I,II	-й -	Сөйле+й+мін Жаса+й+мын

ДАРА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕР

Дара	күрделі
Келді	Келе жатыр
Айтты	Айтып отыр

Ұйықтады	Ұйықтап қалды
----------	---------------

### БОЛЫМДЫ/БОЛЫМСЫЗ ЕТІСТІГІ

БОЛЫМДЫ	жұрнақтары	БОЛЫМСЫЗ
Бар, кел	-Ма/ме	Барма, келме
Жаз, жүз	-Ба/бе	Жазба, жүзбе
Айт, кет	-Па/пе	Айтпа, кетпе

Мәтінмен жұмыс

Күзде жапырақтар сарғаяды. Диканшылар өнімін жинап алады. Жеміс жидектер піседі. Күн салқындай бастайды. Адамдар жылы киімдерін кие бастайды. Қараша айында жиі жаңбыр жауып, соңы қарға айналады. Күз- береке мезгілі.

Дараны бір қатарға, күрделі бір қатарға жазыңыз

Бірлік болмай, тірлік болмас.

Құс қанатымен ұшады, құйрығымен қонады.

Қыран құс шашып жейді, қара құс басып жейді.

Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді.

Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді.

Шешесін көріп қызын ал.

Көпті көрген дана болар, қартайып кетсе бала болар.

Жақша ішіндегі етістіктерді түрлендіріп, сөйлемді қайта құраңыз.

Мен кітап (оқу). Жанар тапсырма (орындау). Біз киноға (бару). Досымыз екеуміз балмұздақ (жеу).

Көршім маған (көмектесу). Арман үйді (жинау).

*Қане, тілдесейік!* Кітап дүкенінде

-Сәлеметсіз бе, апай?

-Сәлемесің бе, айналайын.

-Маған қалың дәптер, қалам, қойын кітiпшасы керек еді.

-Мінеки, көріңіз. Қандайын аласыз?

-Мынау қалам қанша тұрады?

-Қалам алпыс теңге тұрады.

-Маған бес қалың дәптер, бір қалам, екі кітапша беріңіз.

-Мінеки. Алыңыз.

-Рахмет, сау болыңыз.

Төмендегі етістіктерге «-а, -е, -й» жұрнақтарын дұрыс жалғаңыз.

Оқу, жазу, айту, тыңдау, жүгіру, сөйлесу, жүру, демалу, тұру, отыру, жату, қайталау, беру, алу, келу, кету, салу, тарату, ашу, жабу, көтеру, секіру, ұру, жылау, ұялу.

Төмендегі мәтіннен етістіктерді табыңыз

Әке, шеше, ұл, қыз- бәрі қосылып, отбасын құрайды. Олар бір үйде тұрып, бірге өмір сүреді.

Ондағы әр адам бір-бірін сыйлайды. Олар бір-біріне әрдайым көмектеседі.

*Қане, тілдесейік!* Базарда

- Сәлеметсіз бе, апай. Маған күріш, май, ет, жұмыртқа керек еді.

- Сәлеметсің бе, балам. Келе ғой, менде бәрі бар. Саған қанша кг күріш керек?

- Маған 2 кг күріш, 1 литр май, 10 жұмыртқа және жарты кг ет беріңіз.

- Жарайды, өлшейің.

-Бағасы қанша?

- Сенен 2000 теңге.

-Сізге рахмет, сау болыңыз

-Сау бол.

### ҚАЛЫП ЕТІСТІКТЕРІ

Отыр	Көріп отыр
Тұр	Сөйлеп тұр
Жатыр	Ұйықтап жатыр
Жүр	Оқып жүр

Мәтінді түсініп оқып, етістіктердің қызметін анықта.

Көп алдында ұятқа қалмауды әрқашан ойлап жүр. Үйде, дастарханда үлкендер төрде, жастар төмен қарай отырады. Өзіңе-өзің сын көзбен қарап жүр. Тәрбиеліден -тәлім, ғалымнан-ғибрат, өнерліден – оқып көр. Жастар білімін көпке, пайдалы жерге жұмсауды үйреніп жатыр.



Үлгі бойынша қалып етістігін пайдаланып, сөйлемдер құрастырыңыз.

Үлгі: Арман орындықта отыр - Асқар сабақ оқып отыр

Етістікті пайдаланып диалог құрыңыз.

*Қане, тілдесейік! Дәріханада*

*-Сәлеметсіз бе, апай!*

*- Сәлеметсің бе, қарағым!*

*- Маған тұмауға қарсы, қызу түсіретін дәрі керек еді.*

*- Дәрігердің нұсқау қағазы бар ма?*

*-Мінеки, көріңізші!*

*- Мінеки, алыңыз. Бағасы бес жүз елу теңге тұрады.*

*-Бұл дәріні қалай ішу керек*

*-Күніне үш уақыт, тамақтан бұрын қабылдайсыз.*

*-Рахмет, сау болыңыз*

*-Сауығып кетіңіз.*

## ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП

### ӘСЕМДІК БҰЙЫМДАР

9–апта

Жіктік жалғау. Иә, жоқ сөздерін пайдалану. Жіктеу есімдігі. Сұраулық шылаулар. Болымсыз етістіктер. Ілік септік. Есептік сан есім. Жинақтық сан есім. Реттік сан есім. Жатыс септік. «Сен қашан туылдың?», Қайда жатыр?. Көптік жалғаулар. «Артта, алда, жоғарыда төменде» көмекші есімдерінің қолданылуы. Етістіктер ( тұру, келу, қайту, басталу, аяқталу). Сын есімдер. «Қайда тұрасың?» Туыстық қатынастардың қазақша атаулары. Менің отбасым. Мақал-Мәтелдер. Жеті ата. Дәрісханада. Жатақханада. Базарда. Киім дүкенінде. «Менің бір күнім» .Менің бөлmem. Дәрісханада. Теміржол бекетінде.

Жалпы сұрақ –ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе сұраулық шылаулары арқылы жасалады. Сұраулық шылаулар бөлек жазылғанымен, дыбыс үндестігіне бағынады. Дауысты дыбыстар немесе р, й, л, у -ма/-ме Тақта ма? Үстел ме?

*ж,з, м,н,ң ,*

*қатаң дауыссыздар*

*-Мынау кітап па?*

*-Мынау дәптер ме?*

*-Мынау мұғалім бе?*

*-Анау дәрісхана ма?*

*-ба,-бе Қалам ба?, Еден бе?*

*-па/-пеСызғыш па?Есік пе?*

*-Иә, бұл кітап.*

*-Жоқ, бұл дәптер емес, ол-кітап.*

*-Иә, ол-мұғалім.*

*-Жоқ, ол дәрісхана емес, ол-бөлме*

Зат есімнің тәуелдік жалғауларына назар аударыңыз. Болымды/ болымсыз түрде жауап беріңіз.

*-Мынау сенің сөмкең бе?*

*-Бұл сенің ұялы телефоның ба?*

*-Мынау сендердің бөлмелерің бе?*

*-Сенің жасың жиырмада ма?*

*-Тақта қара ма, әлде жасыл ма?*

*-Мынау гүл әдемі ме?*

*-Сен оқушысың ба, әлде студентсің бе?*

*-Сенің бөлмең таза ма, лас па?*

Сөздерді дұрыс оқып, көп нүктенің орнына –ма/-ме, -ба/-бе, -па/-песұраулық шылауларының тиістісін қойып, көшіріп жазыңыз.

*Таза...? Биік...? Қабырға...? Сары... ?Әйнек...?Сурет...?Ақ... ?Кең...?Ұзын... ?*

*Жарық...?Қараңғы...?Әдемі...? Үлкен...? Кішкентай...?Қала...? Ауыл...?*

*Кино... ?Концерт...? Алыс... ?Жақын...?*

Дәрісханадағы заттарды пайдалана отырып, сұхбат құрыңыздар.

Үлгі:-Мынау бор ма?Иә, бұл-бор.

*-Дәрісхана кең бе?Жоқ, дәрісхана кең емес, тар.*

Ма, ме, ба, бе, па,пе сұраулық шылауларының тиістісін қойып жазыңыз:

Үлгі: Мынау шүберек пе, қағаз ба?

1.Мынау ақ ..., қара ...? 2.Мынау айна..., тарақ...? 3. Мынау үлкен..., кішкене...? 4. Анау кітап жұқа..., қалың ...? 5.Мынау ыстық .....,суық ....? 6.Мынау таза..., лас....? 7.Анау он...,он үш...?

10–апта

-Шы,-ші жұрнақтары. Өздік есімдігі. Сағаттың неше болғандығын сұрау( тура, жарым, қалды, кетті сөздері.) Шығыс септігі. Қай күн екендігін сұрау ( Қандай күн? Неше күн?).Қалып

етістіктер.Қалау рай. Модаль сөздер. Есімдіктер: маған, саған, оған. Керек-қажет сөздері. Барыс септігі. Болымсыздық шылау. «емес». Көмекші есімдер. (үшін, туралы, тарта ).Күрделі етістік. Осы шақ.Көмекші етістіктер.Кімдікі? Иелікформа. Тәуелдік жалғау. Мен таңдаған мамандық.Мамандық атаулары.Менің бір күнім. Асханада. Сұйық және қою тағамдар.Кітапханада. Көшеде. Әуежайда.Қоғамдық көлікте.Театрда.Көрмеде.Фото. Есімдіктердің жазылу емлесі.Мәтіндегі есімдіктерді теріп жазу.Түрлеріне қарай ажырату; тақырып бойынша диалог құрастыру.-Шы/-ші, -кер/ -гер,-қыш/-кіш,-ғыш/-гіш *жұрнақтары мамандық және кәсіп атауларына жалғанады. Мамандықтар: заңгер, жазушы, кәсіпкер, қаржыгер, сәулетші, құрылысшы, елші*

*Кәсіп: малышы, балықшы, теңізші, жүргізуші, етікші, еміш*

Мен таңдаған мамандық

Менің атым-Ұлпан. Менің ұлтым-қазақ .Менің Отаным-Қазақстан. Мен Алматы қаласында туылдым.Біздің отбасымызда тоғыз адам бар. Менің атамның аты-жөні-Оспан Әмірұлы. Әжемнің аты-жөні-Асыл Рахымқызы.Олар-зейнеткерлер.Әкемнің аты-Дархан.Ол банк қызметкері. Анамның есімі-Әсел. Ол емханада балалар дәрігері болып жұмыс істейді.

Мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің экономика факультетінде оқимын. Таңдаған мамандығым өзіме ұнайды.

11-апта

«Бар»етістігінің мағынасы.(Сенің кітабың бар ма?Сен бөлмеге бар). Не сатылады?Қанша тұрады? Сұрақтары.Бару, алу керектігін білу мақсатын айқындау.Табыс септігі. «Содан кейін» сөз тіркесінің пайдалануы. «Бірақ, ал, алайда, дегенмен» әйтсе де» сөздері. Сын есімнің күшейтпелі шырайы. Келер шақ. Антонимдер. Жеміс.Көкөніс.Базарда.Денсаулық-зор байлық.Дәрігерде. Дәріханада.Емханада.Мақал-мәтелдер.Адамның мінез-құлқы.

Мақал-мәтелдер.Жыл мезгілдері.Ауа-райы. Өз туған жері туралы айту. «Бар» сөздері сөйлемдерді мағынасына қарай ажырата білу. Орындалған және орындалатын іс-әрекет жөнінде айтып бере алу.Берілген мәтіннің мазмұнын айту.Өз отбасы мүшелерінің мамандығы туралы айту. Қалау рай формасында сөйлемдер құру. Мамандыққа қатысты сөйлемдер құрастырып жазу.Сөйлемдерді үш шақта түрлендіріп, өзгертіп жазу.

Не тұр?Не бар?Қайда тұр?Көмекші сөздер.

Іші-ішінде

Үсті-үстінде

Арасы-арасында

Алды-алдында

Арты-артында

Жаны-жанында/Қасы-қасында

Қарсы-қарсысында

Ортасы-ортасында

1) Дәрісхананың ішінде нелер бар? Дәрісхананың ішінде тақта, парталар, үстел, орындық, компьютер, карта бар.

2) Үстелдің жанында не тұр? Үстелдің жанында орындық тұр.

3) Терезенің жанында не ілінулі тұр? Терезенің жанында карта ілінулі тұр.

4) Үстелдің үстінде нелер жатыр? Үстелдің үстінде қарындаш, қаламдар, дәптерлер, қағаздар жатыр.

5) Тақта қайда тұр? Тақтаға парталарға қарсы тұр.

6) Парталардың арасы қандай? Парталардың арасы кең.

7) Терезеге қарсы не бар? Есік бар.

Заттың тұрған орнын білу үшін қайда? қайда жатыр? деген сұрақ қойылады. Жатыс септігінің жалғаулары: -да, -де -та -те, -нда, -нде, -ында, -інде

Диалог

-Кітап қайда жатыр?

-Кітап үстелдің үстінде жатыр.

-Қағаздар қайда жатыр?

-Қағаздар шкафтың ішінде жатыр.

-Дәптерлер қайда жатыр?

-Дәптерлер кітаптың жанында жатыр.

Диалогты көршіңізбен кезектесіп оқыңыз.Сөйлемдерді пайдалана отырып, диалог құрастырып жазыңыз.

- Сен қайда тұрасың?
- Мен Астанада тұрамын.
- Үйің қай көшеде?
- Үйім Ахмет Жұбанов көшесінде.
- Үйіңнің нөмірі қандай?
- Үйімнің нөмірі алпыс екі.

Менің бөлмем

Менің бөлмем кең. Бөлмемде үстел, орындықтар, төсек, шкаф, кітап сөресі, теледидар, тоңазатқыш бар. Менің жазу үстелімде шам, қалам, түрлі- түсті қарындаштар жатыр. Үстелдің жанында екі орындық тұр. Бұрышта теледидар бар. Менің бөлмем жарық, жайлы.

Біздің үйіміз

Менің атым Азамат. Менің үйім Алматыда. Менің отбасым Абай көшесіндегі жүз оныншы үйде, он төртінші пәтерде тұрады. Біздің пәтеріміз төртінші қабатта. Біздің пәтеріміз үлкен: қонақ бөлме, ұйықтайтын бөлме, балалар бөлмесі, ас үй, жуынатын бөлме, жұмыс бөлмесі, кіре беріс бар. Кіре берісте киім ілгіш, айна және телефон тұр. Дәліздің оң жағында балалар бөлмесі, дәліздің төр жағында қонақ бөлме. Дәліздің сол жағында жатын бөлме, қонақ бөлме, содан кейін ас бөлмесі орналасқан. Теледидар мен диван, екі кресло қонақ бөлмесінде тұр. Жазу үстелі мен компьютер жұмыс бөлмесінде тұр. Әр бөлмеде үлкен терезелер бар. Бөлмелер өте жарық, кең. Дәліздің оң жағында дәретхана мен жуынатын бөлме бар. Төбеге әдемі шам ілінген. Дәлізге әдемі қызыл кілем төселген.

12–апта

Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Синонимдер. Үстеу.

Түрлері. Болымсыздық шылау «емес». Бағытты, мақсатты білу. (апару, әкелу). Емлесі. Бұйрық рай. Өткен шақ. Менің елім. Қазақстан. Алматы қаласы. Қазақстанның астанасы-Астана. Менің туған жерім. Құттықтау, лебіздер. Гүлдер. Киіз үй, Наурыз мерекесі туралы мәтінді мәнерлеп оқу. Көнерген сөздерді, басқа тілден енген сөздерді жазу.

«Емес» сөзі.

Жекеше:	Көпше:
Мен дәрігер емеспін.	Біз дәрігер емеспіз.
Сен дәрігер емессің .	Сендер дәрігер емессіңдер.
Сіз дәрігер емессіз.	Сіздер дәрігер емессіздер.
Ол дәрігер емес.	Олар дәрігер емес.

Сөйлемдерді оқыңыз.

Мен қуаныштымын.  
 Мен қарсы емеспін.  
 Сен ашулысың.  
 Сен ашулы емессің.  
 Сіз құрылысшысыз.  
 Сіз құрылысшы емессіз.  
 Ол жиырмада.  
 Ол жиырмада емес.  
 Біз Ауғанстаннанбыз.  
 Біз Ауғанстаннан емеспіз.

Сендер университеттесіңдер.  
 Сендер университетте емессіздер.  
 Сіздер қаласыздар.  
 Сіздер қалада емессіздер.  
 Олар бірінші.  
 Олар бірінші емес.

Менің елім – Қазақстан

Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Еуразияның орталығында орналасқан. Бұл елде шетсіз, шексіз дала жатыр. Қазақстан – әр түрлі халық өкілдері бейбіт тұрып жатқан ел. Елімізде сирек кездесетін жануарлар, өсімдіктер бар. Пайдалы қазбаларға бай. Астана, Алматы, Павлодар сияқты көрікті қалалар бар. Мен өз елімді өте жақсы көремін, мақтан етемін. Әр елден келген қонақтарға Қазақстан ұнайды. Сіздер де жақсы көріп кететіндеріңізге кәміл сенеміз.

13–апта

Шартты рай. Зат есімдер мен сын есімдерден құралған үстеулер.( адамша, қазақша, ескіше, жанаша т.б). «Да», «де», «та», «те» шылауы. Омонимдер. Салт-дәстүрлер. Ұлттық мерекелер. Наурыз мерекесі. Киіз үй. Ұлттық ойындар. Ұлттық тағамдар. Ұлттық киімдер. Шартты рай - белгілі бір шарт арқылы жүзеге асатын іс-әрекетті білдіру үшін қолданылады. Етістіктің түбіріне (негізіне) –*са*, –*се* жұрнағының бір тұлғасын жалғап, одан әрі жіктеу арқылы жасалады. –*са*, –*се* жұрнақтары арқылы жасалған етістікті анықтап, теріп жазыңыз. Мысалы: -Бүгін киноға барамыз ба? -Ертең жұмыстан ерте келсем, барайық.

1. Мен оқысам. 2. Сен жазсаң. 3. Сөздікпен жұмыс істесең қазақша көп сөз білесің. 4. Теледидардан жиі-жиі қазақ тілінде хабар тыңдасам, тілді тез үйренемін. 5. Таңертең жолға шықсаңыз онда түсте қалаға жетесіз. 6. Демалыс күні ол келсе екеуіміз саябақты аралаймыз. Ұлттық ойындар

Қазақ халқының ұлттық ойындары: «Қыз қуу», «Көкпар тарту», «Бәйге», «Жамбы алу», «Аударыспақ», «Алтыбақан», «Тоғызмалақ» «Асық», «тағы басқалары. Жамбы ату» ойыны мергендікке үйретеді. Осылардың ішінде ежелден келе жатқан ұлттық ойынның бірі «Қыз қуу». деп аталады. Бұл ойында жігіт қызды қуып жетіп, бетінен сүюі керек. Ал егер қыз жігітті қуып жетсе, қыз жігітті қамшымен сабайтын болған.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының көпшілігінде табиғи заттар қолданылады. Мәселен қой малының асығы балалар ойынында пайдаланылады. Асық ойыны баланың жүйке жүйесін нығайтады. Дәлдікке, шыдамдылыққа, ұстамдылыққа тәрбиелейді.

Ұлттық дәстүрлер

Ұрпақ жалғастығы мен болашағына ерекше мән беретін қазақ халқы үйлену салтынабаса көңіл бөлген. Олар ұлдарына жар болатын болашақ келінді ерте кезден ойлап отырған. Ең алдымен болашақ келіннің шықан тегі мен тәрбиесіне назар аударады. Тіпті ерте кездерде балалар дүниеге келмей жатып атастыру рәсімін жасаған. Құда түсудің, қыз айттырудың түрлі салттарын орындап отырған. Қазіргі кезде сол салттардың барлығы болмаса да, бірқатар дәстүрлері сақталынған.

Қазақтарда жеті атаға толмаған туыстар арасында қыз алысуға, неке қиюға рұқсат етілмейді.

Үйлену салтына байланысты дәстүрлер: қыз айттыру, құда түсу, күйе жігіттің қызға ұрын баруы, қыз ұзату, келін түсіру, беташар, неке қию, үйлену тойы. Бесікке салу- нәрестені алғаш бесікке салу рәсімі. Бесікке салу тойына шақырылған қонақтар шашу, түрлі сыйлықтар, тәттілер алып келеді. Нәрестені бесікке салуды көп ұрпақ өсірген, қадірлі анаға тапсырады. Ол бесікті отпен аластайды. Баланы бесікке жатқызып, бөлейді. Бесік жыры айтылады. Бесікке салған адамға сый-сыяпат көрсетіледі. Үлкен кісілер бата береді.

Ұлттық тағамдар

Қазақтың ұлттық тағамдары: қазы, шұжық, жал-жая, қарта, талқан, тары, бауырсақ, қуырдақ, қымыз, шұбат, айран, сүзбе, құрт, ірімшік, жент, қарын, бүрме.

Ата-бабамыз малдың етін, сүтін тамақ етіп, жүні мен терісін киімге пайдаланған. Әсіресе жылқының қазы, қарта, жал-жаясы жоғары бағаланған. Сиырдың, қойдың сүтінен айран, құрт, ірімшік жасайды, бие сауып, қымызын ішеді. Түйе шұбатының емдік қасиеті мол. Тарыдан жент, бидайдан талқан жасайды. Қысы суық, жазы ыстық климатта өмір сүрген қазақ халқы киімдерін күнделікті тұрмыс пен өмір салтына, дала жағдайларына ыңғайластырып киетін болған.

Ұлттық киімдер

Айырқалпақ-мұндай бас киім түрін ертеде хан сұлтандар киген. Айырқалпақ жұқа киізден тігіледі. Ол негізгі екі бөліктен құралады: қалпақтың төбесі мен етегі. Сәнді болу үшін барқыт матамен көмкеріліп, жібек жіппен әр түрлі ою-өрнектер салынып, әшекейленеді.

Қойдың терісінен тігілетін тон- қыстың суық күндеріне киетін жылы киім. Жағасына, жеңіне бағалы аң терілері салынады. Әйелдер тонының иығы, жең ұшы, өңірі мен етегі кесте жібімен әшекейленген ою-өрнектермен безендіріледі.

Кимешек- ақ матадан тігіліп, жиегі астарланған қазақ әйелдерінің бас киімі. Бет жағы ойылып, қалған бөлігі иық, кеуде, арқаны жауып тұратындай жасалынады.

Көйлектің сыртынан киетін әйелдер киімінің бірі- камзол деп аталады. Ол барқыт, пүліш, мақпал сияқты маталардан тігіледі. Камзолда жең, жаға болмайды. Камзолдың өңірі мен етегі зер жіптерімен өрнектелінеді.

Қазақ бас киімдерінің ішінде ұлттық ерекшелікті айқын білдіріп тұратын бас киімдердің бірі- сәукеле. Сәукеле-ұзатылған қыздар киетін аса қымбат бағалы және әдемі бас киім. Сәукеле қымбат маталармен қапталып, алтын, күміс, інжу, маржан, меруерт, ақық сияқты асыл тастармен безендіріліп, түрлі түсті зер жіптерімен өрнектеледі.

*Тымақ*-биік төбелі, маңдайы, екі құлағы, желке мен арканы жауып тұратын артқы етегі бар ерлердің бас киімі. Оны аңның, малдың терісінен тігіледі. Суық кезде киетін бас киімдер қарапайымдау болып келеді. Бірақ бағалы терілер оларға ерекше сән беріп тұрады.

Шапан-арасына жүн, мақта салып, сырты шұға, барқыт сияқты матамен қапталған сырт киім. Оны тізеден сәл төмендеу, ал жеңін ұзындау етіп тігеді. Жағасы, өңірі, жеңі зер немесе жібек жіптермен, әсем ою-өрнектермен безендіріледі. Бұл киімді ер адамдар да, әйел адамдар да, балалар да кие береді. Қыздар мен әйел адамдарға арналған шапанның жағасы, етегі мен жеңі бағалы аң терілерімен көмкеріліп, жиектері зермен өрнектеледі. Түйме орнына асыл тастар немесе қапсырма тағылады.

Ерлер де, әйелдер де, балалар да кие беретін бас киім түрлерінің бірі-бөрік. Ол жұқа киізден тігіледі. Оған ешқандай өрнек, әшекей салынбайды. Себебі жиегіне салынған бағалы аңның терісі оны әдемі етіп көрсетеді. Бөрік қандай аңның терісінен жасалғанына қарай *құндыз, сусар, кәмшат, жанат, түлкі бөрік және елтірі* бөрік деп аталады.

14-апта

Сыз, -сіз жұрнақтары. «Себебі», «өйткені» сөздерінің қолдану орны. Септеулік шылаулар. Шығыс септігі. Кейін, дейін, шейін шылаулары. Біріккен сөздер. Қазақ халқының өнері. Музыкасы. Спорт. Мезгіл үстеулер (қашан?). «дейін» (шейін) шылаулары. «Ұнату/ұнатпау» сөздері.

Ауыспалы осы шақ етістікке -а, -е, -й жұрнақтары жалғану арқылы жасалады.

Жіктеу есімдіктері	бару	келу	сөйлеу
Мен	барамын	келемін	сөйлеймін
Сен	барасың	келесің	сөйлейсің
Сіз	барасыз	келесіз	сөйлейсіз
Ол	барады	келеді	сөйлейді
Біз	барамыз	келеміз	сөйлейміз
Сендер	барасындар	келесіндер	сөйлейсіндер
Сіздер	барасыздар	келесіздер	сөйлейсіздер
Олар	барады	келеді	сөйлейсіздер

Жиі қолданылатын етістіктер: *айту, демалу, жұмыс істеу, оқу, жазу, қарау, қыдыру, ойнау, сұю/жақсы көру, тамақ дайындау, тыңдау, түсіну, ыдыс жуу, үй тапсырмасын жасау, ұнату.*

Түсіну, тыңдау, жазу, қыдыру, айту етістіктерін ауыспалы осы шақта жіктеп жазыңыз.

Ескерту! Ауыспалы осы шақ көбінесе мезгіл үстеулермен қатар қолданылады. Мысалы: Біз күнде сабаққа барамыз. Мен үйге жиі хабарласамын. Кешке далада серуендейміз.

Сұрақтарға ауыспалы осы шақта жауап беріңіз.

Үлгі: -Сен шахмат ойнайсың ба?

-Иә, мен шахмат ойнаймын.

-Сен ән айтасың ба?

-Музыканы жиі тыңдағанды ұнатасың ба?

-Сенің әкең жұмыс істей ме?

-Кітап оқығанды жақсы көресің бе?

-Қазақша сөйлей аласың ба?

-Қазақша түсінесің бе?

-Үй тапсырмасын қашан дайындайсың?

-Тамақ жасай аласың ба?

-Қандай фильм көргенді ұнатасың?

-Түнде нешеде ұйықтайсың?

-Таңертең нешеде оянасың?

-Қандай жыл мезгілін жақсы көресің?

-Қандай спорт түрімен айналысасың?

Екеуара жұмыс. Сұрақтарға жауап беріңіз. Көршіңізбен бірге орындаңыз.

-Қай көшеде тұрасың?

-Қайда тұрасың?

-Нешінші бөлмеде тұрасың?

-Әкеңнің аты кім?

-Шешеннің аты кім?

-Әкең қайда жұмыс істейді?

-Отбасыңда неше адам бар?

-Сенің телефон нөмірің қандай?  
-Бос уақытыңда немен айналысасың?  
-Қандай тілдерді білесің?

Мезгіл үстеулер: *Бүгін, қазір, ертең, кеше, бүрсігүні, биыл, былтыр/өткен жылы, келер жылы, таңертең, түс, кеш, түн. ерте, әрқашан, жиі, әдетте, күн сайын, таңертең. күндіз, кешке, түнде.*

Бүгін күн жылы. Ертең –дүйсенбі .Кеше саяхатқа бардық. Бүрсігүні бізге математика сабағы болады. Биыл -2012жыл. Биыл –қоян жылы болды. Келер жылы Түркияға барамыз. Таңертең ерте ояным. Түсте сабаққа бардық. Кешке концертке барамыз. Түнде кеш ұйықтадым.

Бүгін, ертең, биыл, келер жылы, таңертең, түс, кеш, түн. ерте, мезгіл үстеулерімен «керек» сөзін пайдаланып, сөйлемдер құраңыз.

#### Лексикалық тақырып

##### Бос уақыт

Кино, театр, концерт, музыка, ән, рок, рэп, классикалық музыка, опера, балет, күй, би, фильм.

Спорт: футбол, теннис, баскетбол, волейбол, тоғызқұмалақ, шаңғы, жүгіру, жүзу;

Үйдегі бос уақыт: теледидар, радио, кітап оқу, :

Іс-әрекеттер: шаңғы тебу; суда жүзу; теннис, футбол, шахмат ойнау; киноға, тауға, теңізге, көрмеге, мұражайға бару; саяхат жасау; кітап оқу; фильм көру; билеу; серуендеу;

Мына сөздерді жаттап алыңыз!

өте жақсы көремін.

жақсы көремін.

Ұнатамын.

Қызығамын.

Онша ұнатпаймын.

Жақсы көрмеймін.

Мүлде ұнатпаймын.

Диалог:

-Сіз киноны теледидардан көргенді ұнатасыз ба, әлде кинотеатрдан ба?

-Кинотеатрдан. Сіз ше?

-Маған бәрібір.

-Қандай фильмдерді ұнатасыз?

-(тарихи фильмдерді, драмалық фильмдерді)

Екеуара жұмыс. Көршіңізден сұраңыз.

1. Сіз кешке не істейсіз? Демалыс күндері ше?
2. Сіз спортпен айналысқанды жақсы көресіз бе?
3. Қандай спорт түрін ұнатасыз?
4. Сіз қандай спорт түрін ұнатпайсыз? Неге?
5. Қандай музыканы жақсы көресіз?
6. Қандай музыканы ұнатпайсыз?
7. Ата-анаңыз қандай музыка тыңдайды?
8. Саяхат жасауды ұнатасыз ба?
9. Сіз тауға шыққанды ұнатасыз ба, әлде теңізге барғанды ма?
10. Сіз билей аласыз ба, әлде ән айтасыз ба?

15–апта

Көмектес септігі. Жалғаулық шылаулар. Туынды сын есімдер. (жазғы, күзгі, кешкі, ертеңгі). Ұлы адамдар өмірінен. Абай Құнанбаев. Ыбырай Алтынсарин. Шоқан Уәлиханов.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев Құнанбайұлы (1845-1904) — ақын, қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған.

Ыбырай Алтынсарин (шын аты — Ибраһим, 1841—1889) — қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері. Ыбырай Алтынсарин қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында еңбек етті. Ресей қоғамының білімді адамдарымен жиі араласып тұрды. Алған білімін өз халқының пайдысына асыруға талпынды.

16–апта

Басқа тілдерден енген сөздер. Қос сөздер. Ұлы адамдар өмірінен. Д.А.Қонаев. Н.А.Назарбаев. Одағай сөздерді қатыстырып диалог құру.

17–апта

Өткен материалдарды қайталау. Етістіктің жедел өткен шағы. Өмірбаян.

18–апта

Жедел өткен шақтың болымсыз түрі. Мәлімет.

Өткен шақтың түрлері. Жедел өткен шақ.

Сабақтың мақсаты: а) Етістіктің шақтары туралы түсінік беру, оның ішінде жедел өткен шақтың жасалу жолдары туралы түсіндіру

1. Етістіктің шақтары нешеге бөлінеді?

2. Келер шақ нешеге бөлінеді?

3. Өткен шақ нешеге бөлінеді?

Мәтінмен жұмыс

Баяғыда Жиренше деген өзі кедей бір шешен болыпты. Ол асқан ақылды, сөзге ұста, шешен адам екен. Жиреншенің шешендігіне қызығып, хан шақырып алып, оны өз қасына ертіп жүреді екен. Бірақ Жиренше ханды жақтамапты, елдің сөзін сөйлепті. Ол ханның алтындаған сарайына тұрақтамапты. Өзінің кішкене күркесіне келіп жатады екен. Күркесіне келгенде ол бой жазып қалады екен. Киізі қырық жамау болған кішкентай күркесіне келіп: «Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», - деп керілгенде, Жиреншенің екі аяғы тізесіне дейін есіктен шығып жатады екен.

- Мәтінді сипаттап беріңдер.

- Мәтін қай шақта баяндалып тұр?

Жедел өткен шақ қимылдың, іс-әрекеттің таяу уақытта болғанын, орындалғанын білдіреді.

Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне –ды, –ді, –ты, –ті жұрнағы қосылу арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады. Мысалы: Асан домбыра тарт-ты, мен өлең айт-ты-м.

Жақ жекеше

көпше

1. Мен келдім, айттым

Біз келдік, айттық

2. Сен келдің, айттың

Сендер келдіңдер, айттыңдар

Сіз келдіңіз, айттыңыз

Сіздер келдіңіздер, айттыңыздар

3. Ол келді, айтты

Олар келді, айтты.

Осы кестеден көрінетіндей, жіктік жалғаулары жедел

өткен шақ тұлғасындағы етістікке ерекше түрде жалғанады.

Жедел өткен шақтың жұрнағы (-ды, -ді, -ты, -ті) мен III жақтың жіктік жалғауын (-ды, -ді, -ты, -ті) шатастырмау керек. Бұл қосымшалардың тұлғасы, дыбысталуы бірдей болғанмен, мағынасы мен қызметі басқа-басқа, III жақ жіктік жалғауы шақ мағынасын білдірмейді, ал жедел өткен шақ жұрнағы жақ мағынасын білдірмейді.

Жіктік жалғау      Жедел өткен шақ

Келіпті              Келді

Барыпты           Барды

Жатады            Жатты

III жақтың жіктік жалғауы тек көсемшенің –ып, –іп, –п және –а, –е, –й жұрнағынан кейін ғана жалғанады: кел-іп-ті, қара-п-ты, кел-е-ді. Ал жедел өткен шақ жұрнағы етістіктің негізгі және туынды түбірлеріне және етіс, болымсыз етістік тұлғаларына тікелей жалғанады.

Топтық жұмыс. Топқа бөлінеді.

Шығармашылық жұмыс

- Сейсенбіге дейін тақпақ ...
- Сәрсенбіде сурет ...
- Бейсенбіде екі “бестік” баға ...
- Жұма күні жаңа кітап ...
- Сенбі күні талдап себет ...
- Жексенбіде біраз істі ...

Керекті сөздер! Ойнап, тыңдап, жаттадым,  
демалдым, алдым, оқыдым салдым, боядым,  
тындырдым.

Тақтамен жұмыс

Берілген етістіктерден жедел өткен шақ жасап, жіктеп, әрқайсысына сөйлем құраңдар  
Бар, ойна, жүгір, жарыс, сөйле.

2. Баяндауышы мақсатты келер шақ тұлғасындағы етістіктен жасалған сөйлемді көрсет.  
А) Ертең ол да Қарқаралыға жүрмек. В) Түн ортасында аттарды жемдеп алармыз. С) Кешке алтыбақан құрамыз. Д) Олардың ақылдылығына, білімділігіне піріндей сенеді. Е) Көрмес—түйені де көрмес.

3. Сөйлеп тұрған кезде болып жатқан іс-әрекетті тап.

А) Марат маған айтып тұрды. В) Олар сенің кітабыңды кеше сыныпта алып жүрген.  
С) Ол екі бұрын қалаға бара жатқан. Д) Салтанат сабақ түсіндіріп тұр. Е) Мақсатым—тіл ұстартып, өнер шашпақ.

4. Баяндауышы ауыспалы келер шақ тұлғасындағы етістіктен жасалған сөйлемді тап.

А) Ертең ол да Қарқаралыға жүрмек. В) Түн ортасында аттарды жемдеп алармыз.  
С) Кешке алтыбақан құрамыз.  
Д) Олардың ақылдылығына ,білімділігіне піріндей сенеді  
Е) Атасы бәрін түсінетін.

5. Күрделі нақ осы шақты тап.

А) айтып тұрды В) алып жүрген С) бара жатыр еді  
Д) оқымай жүр Е) Сурет салып отырмақшы

6. Етістіктің болжалды келер шақ түрін тап.

А) сөйледі В) сөйлеген С) сөйлер Д) сөйлейді Е) сөйлеп

7. Етістіктің жедел өткен шақ түрін көрсет. А) жеткізер В) жеткізген С) жеткізетін  
Д) жеткізеді Е) жеткізді

19–апта

Бұрынғы өткен шақ. Отбасы . Сәулетші. Дүкенде сыйлық алу. Диалог жазу.

Бұрынғы өткен шақ

Етістіктің + - ған, - ген + жіктік жалғау I, II жақ  
негізіне-қан, - кен

20–апта

Бұрынғы өткен шақтың болымсыз түрі. Досыма хат. Ғылым мен техника. Хат жазу.

Болымсыз түрі

Етістіктің + - ған, - ген + жоқ, емес + жіктік жалғауы  
негізіне-қан, - кен

21–апта

Етістіктің нақ осы шағы. Менің жұмысым. Қырыққабат пен қияр.

Нақ осы шақ (Собственное–настоящее время)

*Күрделі түрі (Сложная форма)*

БАР	-	а	-		
КЕЛ	-	е	-	жатыр	+ Жіктік жалғау
ӘКЕЛ	-	е	-	(көмекші	I, II ж.
АПАР	-	а	-	етістік	

22–апта

Нақ осы шақтың болымсыз түрі. Менің жұмысым. Өсімдіктер.

23–апта

Етістіктің келер шағы. Мамандық таңдау. Теміржолшы. Құрылысшы -мәртебелі мамандық.

Электрик. Ауылшаруашылық факультеті

Темір жол көлігі – жүктер мен жолаушыларды алыс қашықтыққа тасымалдайтын басты қатынас құралы. Темір жол көлігі локомотивтер мен вагондардан тұратын, арнайы рельс жол арқылы тасымалдауға арналған көлік түрі .Темір жол көлігінде тасымал құны басқа көлік түрлерімен салыстырғанда төмен, қатынауы тұрақты. Темір жол көлігі 19 ғасырда ірі өнеркәсіп орындарының ашылуына, әсіресе, кен қазып, металл өндеудің дамуына байланысты пайда болды. Дүние жүзінде тұңғыш Темір жол көлігі 1825 Англияда Дж. Стефенсон салдырған ұзындығы 21 км “Стоктон – Дарлингтон” желісінде қатынады. Бұдан кейін Темір жол көлігі 19 ғасырдың 30жылдары Австрияда, Германияда,Бельгияда және Францияда пайда болды. 1830 жылда АҚШ-та, 1837 жылда Ресейде темір жол желілері ашылады. 1850 – 1870 жылда Азияда, Африкада, Оңтүстік Америкада, Австралияда салына бастады. 20 ғасырдың басында темір жол торабының әлемдегі жалпы ұзындығы 1 млн. км-ден асып түсті.

24–апта

Келер шақтың болымсыз түрі. Мамандық таңдау . Ұзақ жасайтын ағаштар.Инженер-электроншы. Мамандықтың бәрі жақсы. Әңгімелеу.



25–апта

Ауыспалы- келер шақ. Құрылыс материалдары .Жұмыс іздеу.Бал беретін құмырсқалар.

Ауыспалы өткен шақ (Дағдылы өткен шақ)

Етістіктің + - атын, - етін + жіктік жалғау I, II жақ  
негізіне - йтын, - йтін Жіктеу

*Бару, келу, ойнау, сөйлеу*

*Жекеше түрі*

I жақ. Мен бар+атын+мын, кел+етін+мін, ойнай+тын+мын, сөйлей+тін+мін

II жақ. Сен бар+атын+сың, кел+етін+сің, ойнай+тын+сың, сөйлей+тін+сің

Сіз бар+атын+сыз, кел+етін+сіз, ойнай+тын+сыз, сөйлей+тін+сіз

III жақ. Ол бар+атын, кел+етін, ойнай+тын, сөйлей+тін

*Көпше түрі*

I жақ Біз бар+атын+быз, кел+етін+біз, ойнай+тын+быз, сөйлей+тін+біз

II жақ. Сендер бар+атын+сың+дар, кел+етін+сің+дер, ойнай+тын+сың+дар,

сөйлей+тін+сің+дер

Сіздер бар+атын+сыз+дар, кел+етін+сіз+дер, ойнай+тын+сыз+дар,

сөйлей+тін+сіз+дер

III жақ. Олар бар+атын, кел+етін, ойнай+тын, сөйлей+тін. Әр түрлі табиғи тау жыныстарынан құрылыс материалдары жасалынады. Органикалық байланыстырғыш заттардан жол құрылысына қажетті ылғал өткізбейтін заттар дайындалады. Ағаш жаңқасынан жұқа әшекейлік тақталар жасау үшін байланыстырғыш заттар ретінде синтетикалық шайырлар пайдаланылады. Бейорганикалық заттардың ішіндегі ең негізгісі – цемент. Одан бетон, темір-бетон, асбест-цемент, құрылыс қоспалары сияқты құрылыс материалдары жасалады. Әктастан бу қысымымен алынатын силикаттық бетон, кірпіш әрі құрылыстық қоспалар дайындалады.

26–апта

Ауыспалы- келер шақтың болымсыз түрі. Жыл мезгілдері. Қыс. Көктем. Жаз. Күз. Қазақстан мен Ауғанстанның географиялық ұқсастықтары мен ерекшеліктері.

27–апта

Хабарлы сөйлем. Қазақтың ұлттық ойындары . Ең жақсы көретін ойыны туралы жазу .Сағат гүлдер.

28–апта

Сұраулы сөйлем. Қазақтың зергерлік өнерін таныстыру. Сыртқы ортаның өсімдіктерге әсер етуі.

Көрмеде. Зергерлік өнер, бұйым туралы қысқаша әңгіме жазу.

29–апта Қазақтың аң аулау кәсібі және ерекшелігі. Лепті сөйлем. Көкөністерді отырғызу. Аң, құстар туралы қысқаша әңгіме жазу

Лепті сөйлем

Лепті сөйлем деп ерекше көңіл күйіне, сезімге байланысты (қуану, ренжу, таңдану, аяу, бұйыру және т. б.) айтылған ойды білдіретін сөйлемді дейміз.

Лепті сөйлем ішіндегі сөздер түгелімен (әсіресе баяндауышы) көтеріңкі дауыспен айтылады. Лепті сөйлем соңынан леп белгісі қойылады.

Лепті сөйлем ішінде сұраулық мәнді сөздер де аралас келуі мүмкін. Мұндайда сөйлем соңында леп белгісі мен сұрау белгісі қатар қойылады. Егер сұрау мағынасы басым айтылса я сұрау мәнді сөздер бұрын айтылса, сұраулық бұрын (!?) қойылады, леп мағынасы басым айтылса я леп мәнді сөздер бұрын айтылса, лептік бұрын (!?) қойылады

30–апта

Дара және күрделі етістіктер. Дастархан. Дәнді -дақылдар.

Дара етістіктер

Дара етістіктер құрылымына қарай *түбір етістіктер* және *жұрнақ арқылы жасалған туынды етістіктер* деген екі топқа жіктеледі. Дара етістіктер мысалы: *ек, жек, оқы, жаз, кел, аяқта, баста, қолда, арала, сабала, сүйреле, шапқыла, үймеле, кіріс, жуын, айтқыз* т. б.

Түбір етістіктер

Түбір етістіктер деп арнаулы морфологиялық бөлшектері жоқ, демек, қазіргі кезде морфологиялық жағынан түбір және жұрнақ деп бөлшектеуге болмайтындай етістік формалары аталады.

Мысалы: *аз, ал, айт, алда, арба, ат, ас, аш, ақ, бар, бас, бат, бер, без, бол, бөр, байла, баста, бақырай, де, ез, ер, ес, жет, жала, жыла, же, жел, жебе, жорт, жи, жар, жаз, жүз, жүгір, илан, тасы, тара, тос, тол, тоқы, түс, ұр, ұқ, шал, шай, шаш* т. б.

Бірақ, өзге түбір сөздер сияқты, етістік түбірі де тарихи дамып отырғандықтан, олардың қатары да бірте-бірте толығып, көбейіп отырған, сол себептен түбір етістіктердің ішінде бұрын ұзақ замандар бойы, туынды сөз есебінде жұмсала-жұмсала келіп, бірте-бірте түбірі мен жұрнағын ажыратуға болмайтындай болып кеткен сөздер бар. Мысалы, жоғарыдағы етістіктердің ішінен: *айт (ай+т), алда (ал+да), байла (бай+ла, бау+ла), бақырай (бақ+ырай), жыла (йығ+ла), баста (бас+та)* дегендерді, сондай-ақ *тоқта (тоқ+та), тоқыра (тоқ+ыра), болыс (бол+ыс), сөйле (сөз+ле), тула (ту+ла), шегін (шек+ін), шегер (шек+ер) т. т. тәрізді қазіргі шақта түбір саналып жүрген етістіктерді алсақ, жақша ішінде көрсетілгендей, әуелгі түбір сөздер мен жұрнақтардан кейбіреулері деформаланбай-ақ, кейбіреулері деформаланып бөлшектенбейтін түбірлерге айналып кеткен.*

#### Туынды етістіктер

Туынды етістіктерге, әдетте, түбірлерден арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған етістіктер жатады. Туынды етістіктерді тиісті түбірге және жұрнаққа бөлшектеуге болады, бірақ ол туынды тұлға есебінде қолданыла береді. Мысалы: *ой+ла, той+ла, тер+ле, сұр+ле, ем+де, көз+де, тоқпақ+та, іс+те, сын+а, мін+е, мол+ай, ес+ей.*

#### Есім негізді етістіктер

Есім негізді етістіктерге етістіктерден өзге сөз таптарынан жасалатын етістіктер жатады, олар арнаулы жұрнақтар арқылы көбінесе зат есімнен, сын есімнен, үстеулерден, еліктеуіш сөздерден, әредік одағайлардан жасалады.

Есімдерден етістік тудыратын жұрнақтар мыналар:

1. -ла (-ле, -да, -де, -та, -те) жұрнағы;
2. -лан (-лен, -дан, -ден, -тан, -тен) жұрнағы;
3. -лас (-лес, -дас, -дес, -тас, -тес) жұрнағы;
4. -лат (-лет, -дат, -дет) жұрнағы;
5. -а (-е) жұрнағы;
6. -ай (-ей, -й) жұрнағы;
7. -қар (-ғар, -кер, -гер) жұрнағы;
8. -ар (-ер, -р) жұрнағы;
9. -ал (-әл, -ыл, -іл, -л) жұрнағы;
10. -ық (ік) жұрнағы;
11. -сы (-сі) және -ымсы (-імсі) жұрнақтары;
12. -сын (-сін) жұрнағы;
13. -сыра (-сіре) жұрнағы;
14. -ра (-ре, -ыра, -іре) жұрнағы;
15. -ырай (-ірей) жұрнағы;
16. тек белгілі бір есімдерден, кейбіреулері тек санаулы ғана есімдер мен етістіктерден туынды етістік жасайтын әрі көне, әрі маңдымсыз жұрнақтар бар. Оларға мыналар жатады:
  - -ы, -і (*бай-ы, жас-ы, жан-ы, желп-і, кең-і, келк-і, тарп-ы* т. б.)
  - -шы, -ші
  - -ан, -ен, -ын, -ін, -н
  - -ырқа, -ірке
  - -ырқан, -іркен
  - -ына, -іне
  - -қа, -ке, -ға, -ге
  - -ди, -тый, -ти

#### Етістік негізді етістіктер

Бұл салаға етістік негіздерінен арнаулы жұрнақтар арқылы жасалатын туынды етістіктер енеді. Бұл жұрнақтарды семантикалық ерекшеліктеріне қарай екі салаға бөлуге болады. Бірінші тобына өзі жалғанатын етістік негіздерінің мағыналарына амалдың жиілену, еселену, қайталану, үстемелену, солғындау сипаттарын білдіретіндей рең жамайтын жұрнақтар жатады, олар, шартты түрде, амалдың өту сипатын білдіретін жұрнақтар деп аталады.

1. -ла (-ле, -да, -де, -та, -те)
2. -қыла (-кіле, -ғыла, -гіле)
3. -мала (-меле, -бала, -беле, -пала, -пеле)
4. -ғышта (-қышта, -кіште, -гіште)
5. -ыңқыра (-іңкіре, -ңқыра, -ңкіре)

6. -ымсыра (-імсiре, -мсыра, -місre)

7. -ыстрыр (-істір, -стыр, -стір)

Екінші тобына өзі жалғанатын етістік негізінің мағынасына амалдың субъектіге қатысын білдіретіндей реңк жамайтын жұрнақтар жатады, олар етіс жұрнақтары деп аталады. Ерекшелігіне қарай, бұл жұрнақтар етіс категориясының арнаулы формалары болып саналады да, етістердің көрсеткіштері делініп танылады.

8. -ыс (-іс, е)

9. -т

10. -тыр (-тір, -дыр, -дір)

11. -қыз (-ғыз, -кіз, -гіз)

12. -ыл (-іл, -л)

13. -ын (-ін, -н)

### Күрделі етістіктер

Күрделі етістіктердің түрлері:

Құранды етістік

Құрама етістік

Сараламалы етістік

Суреттеме етістік

Тұрақты етістік

Құранды етістік

Етістіктің бірінші компоненті (есім) негіз болса, екінші компоненті (көмекші етістік) сол есім сөзді етістікке айналдыратын дәнекер есебінде қызмет етеді.

Мысалы: *жәрдем ет, ән сал, үлгі қыл, қабыл ал* т. б.

Құрама етістік

Бұл етістіктердің әрбір компонентінде өзді-өзіне дербес лексикалық мағына бар және әрқайсысының осы мағыналары бір-бірінен кем емес, бір-бірімен парапар я тең түседі.

Мысалы: *алып ал, ала кел, барып кел, бара кел, алып бар, ала бар, алып кет, ала кет, келіп кет* т. б.

Сараламалы етістік

Бұл етістіктер екі я одан аса етістіктің тіркесінен құралады. Лексикалық мағынасына алғашқы етістік негіз (жетекші) болады да, оған қосылатын көсемшенің жұрнағы (-а, -е, -й, -ып, -іп) мен соңғы көмекші етістік селбесіп жетекші етістіктің мағынасын саралайтындай қосымша грамматикалық мән үстейді. Сарамалы етістік құрамындағы көмекші етістіктердің түрлі-түрлі болуларына қарай және компоненттердің сандары да, өздері де басқа-басқа болуларына қарай, олардың грамматикалық қызметтері де, грамматикалық семантикалары да сала-сала болып, амалдың жүзеге асу я өту сипаттарының әр қилы кезеңі, сатысы сияқты абстракты құбылыстарды білдіреді.

Мысалы: *айтып жібер, айтып жібере қой; айтып жібере жаздап қалды; айтып көр, айта көр, айта сал, айта қой, айтып қой, айта жүр, айта біл, айта түс* т. б.

Суреттеме етістік

Бұл етістіктер жетекші сөз бен көмекші етістіктен құралады. Жетекші сөз етістіктің жалаң я күрделі көсемше, есімше формасында, жалаң есімдер және есім мен етістік араласқан формаларында болады. Бұларға әрдемші болып көмекші етістік қосылады. Көмекші етістіктердің көбі — е көмекші етістігінің түрленген формасы болып келеді.

Мысалы: *барып едім, барған едің, келетін еді, түсінуші едік, ұйықтап кеткен екенмін, кешігіп қалған екенсің, келсе игі едіңдер, мұғалім едіңіздер, жас екен; бармақ болды, келемек екен, жазатын болды, келетін көрінеді* т. б.

Тұрақты етістік

Бұл етістіктерге лексикаланған, идиомаланған тіркестер жатады.

Мысалы: *опық жеді, таяқ жеді, құр қалды, бас қойды, ауыз жаласты, арам тер болды, қырғи қабақ болды, бетке шіркеу салды, жан алқымға алды, ауыз салды, көз салды, жек көрді, жанын қияды* т. б.

Етістік формалары

Етістік формаларының жүйесі төмендегі грамматикалық категорияларға бөлінеді:

Етістік негізі.

Қимыл атауы категориясы.

Салттық және сабақтылық категориясы.

Етіс категориясы.

Болымдылық және болымсыздық категориясы.

Амалдың өту сипаты категориясы.

Есімшелер категориясы.

Көсемшелер категориясы.

Рай категориясы.

Шақ категориясы.

Жіктік, көптік жалғауларының шаққа қатысы.

Етістіктердің мағыналары

Етістіктерді іштей бір-біріне мағына жағынан жақындықтарына, өз ара функция жағынан орайластықтарына қарай топ-топқа бөлуге болады:

амал-әрекет етістіктері (*босат, көтер, күрес, ки, сыз, өлше* т. б.);

қимыл-қозғалыс етістіктері (*ауна, аудар, домала, жыт, қаш, секір* т. б.);

қалып-сапа етістіктері (*жат, жантай, тұр, тос, күт, ұлғай* т. б.);

ойлау-сөйлеу етістіктері (*айт, сөйле, де, ескер, жатта* т. б.);

өсу-өну етістіктері (*балала, жапырақта, гүлде, өс, өн* т. б.);

бағыт-бағдар етістіктері (*бар, кел, кет, қайт, әпер, әкет* т. б.);

көңіл күйі етістіктері (*жыла, қайғыр, өкін, күл, қуан* т. б.);

бейнелеу-еліктеу етістіктері (*жарқыра, күркіре, дүркіре, тарсылда, сыртылда, сырқыра* т. б.);

дыбыс-сес етістіктері;

көру-есту етістіктері;

мінез-құлық етістіктері деген сияқты әлденеше топқа бөліп, саралауға болады.

Сондай-ақ, сыртқы түр-тұрпат ұқсастықтарына немесе мағына-мазмұнын алшақтықтарына қарай оларды

омоним етістіктер,

синоним етістіктер,

антоним етістіктер деген тәрізді топтарға да жіктеуге болады.

Дара етістіктер - тек кана сөз түбірінен немесе бөлінбейтін негізінен тұратын етістіктер (қаз. бар, кел, ал, т.б.)

Статистикалық етістіктер - халды (қаз. аурып жатырмын), катынасты (қаз. сәкестену), сапа-лар мен қасиеттер көрсетуін (қаз. шөп көгіріп көрмеді) белгілейтін етістіктер.

Фазалық етістіктер - қимылдың бір фазасын (басын, жал-гасын, аяғын) белгілейтін етістіктер.

Финитивті етістіктер - жіктеу формадағы етістіктер.

Хамзалы етістіктер - түбір құрамында көмейден шығатын дыбыс(хамза) бар араб тіліндегі етістіктер

31-апта

Сын есімді қайталау. Қазақстанның мемлекеттік рәміздері . Мерекелер.Жеміс- жидектер

Сын есімнің табиғи қызметі зат есімге анықтауыш мүше болу. Ол зат есімге тіркесіп анықтауыш қызметін атқарғанда ешқандай өзгеріске ұшырамайды: анықталатын зат есім көптік, септік, тәуелдік формаларының қайсысында қолданылса да, сын есім . еш уақытта да тәуелденбейді, көптелмейді және септелмейді.

Сонымен бірге, бір алуан сын есімдер зат есімді анықтауларымен қатар, етістікті де анықтап, үстеу сөздердің қызметтерін атқарады.

Мысалы: *Семіз сөйлеп, арық шыққаниша, арық сөйлеп, семіз шық* (мақал).

Синтаксистік қызметі

Сын есім, өзінің табиғи жаратылысына сәйкес, сөйлемде көбінесе анықтауыш мүше болып қызмет атқарады. Мысалы: *Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек* (Абай).

Сын есім баяндауыш та бола алады және баяндауыштың құрамына да ене береді. Мысалы: *Төрт бөлмелі тас үй салқын да жайлы* (Ғ. Мүсірепов).

Сын есімдер сөйлем ішінде етістіктерден болған мүшелердің алдында (бұрын) тұрса, әрқашан пысықтауыш мүше болады. Мысалы: *Жақсы студент жақсы оқиды*.

Сын есімге күшейту үстеулері (өте, аса, тым, тіпті, керемет, орасан, ересен т.б.) тіркесе алады.

Мысалы: *өте жақсы, аса биік, тым ащы, тіпті жалқау, керемет жүйрік, орасан зор*.

Егер екі я онан да көп жалаң сапалық сын есімдер бір-бірімен қабаттасатындай болса, олар бірін-бірі анықтамайды да, біріне-бірі бағынбайды да, әрқайсысы өз тұстарынан тікелей зат есімге қатысты болады. Мысалы: *Ермек оқтай тұзу, ұзын, биік, кең жолмен келеді* (Ғ. Мұстафин).

## Семантикалық топтары

Сын есімдер семантикалық мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай, сапалық (негізгі) сын және қатыстық (туынды) сын деп аталатын екі салаға бөлінеді. Бұл сындардың қай-қайсысы болса да қандай? қай?(қалай?) деген сұрауларға жауап береді.

### Сапалық сын есімдер

Сапалық сын есімдер деп мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр-сипатын, атап айтқанда, түрі мен түсін (*ақ, қара, сұр* т. б.), сыры мен сапасын (*жақсы, жаман, тәуір, нашар* т. б.), көлемі мен аумағын (*үлкен, кіші, ауыр, жеңіл* т.б.), дәмі мен иісін (*ащы, тәтті, күлімсі* т.б.) білдіретін және заттың басқа да қасиет-белгілерін білдіретін сөздерді айтамыз.

### Қатыстық сын есімдер

Қатыстық сын есімдер деп бір заттың белгісін басқа бір заттың я іс-амалдың қатысы арқылы білдіретін сөздерді атаймыз.

Осы ерекшелігіне қарай, қатысты сын есімдер тиісті жұрнақтар арқылы басқа есімдер мен етістіктерден жасалады да, заттың сыртқы түрі мен түсіне, кескіні мен келбетіне, сыры мен сынына, ішкі қасиеті мен сипатына, мекен мен мезгілге және басқа да сол сияқты белгілеріне қатысты сындық ұғымдарды білдіреді. Мысалы: *Балалы үй базар, баласыз үй мазар* (мақал); *Өткір пышақ қол кесер* (мақал); *Бұл - жазғы жайлы қоныс* (М. Әуезов)

32–апта

Жалғауларды қайталау. Жерді тыңайту. Фимарат салу. Құттықтау жазу.

Қазақ тілінің жалғаулар түрлері:

Септік

Көптік

Тәуелдік

Жіктік

Септік жалғаулар түрлері мұнда оқыңыз.)

Көптік жалғаулар (Множественное число)

дар/дер	л, м, н, ң, ж, з
тар/тер	қатан дауыссыздар + б, в, г, д
лар/лер	дауыстылар + й, р, у

Тәуелдік жалғаулар Тәуелдік жалғау, әдетте, бір заттың басқа бір затқа тәуелді екенін білдіретін қосымша. Негізінде зат есімге тән қосымша бола тұрса да, зат есім қызметін атқаратын, демек, субстантивтенетін (заттанатын) сөздердің барлығына да жалғана береді.

Жақ	Сан	Есімдік	Жалғаулар
1 жақ	жекеше	Менің	ым/ім, м
2 жақ	жекеше	Сенің	ың/ің, ң
2 жақ	жекеше	Сіздің	ыңыз/іңіз, ңыз/ңіз
3 жақ	жекеше	Оның	сы/сі, ы/і
1 жақ	көпше	Біздің	ымыз/іміз, мыз/міз
2 жақ	көпше	Сендердің	ың/ің, ң
2 жақ	көпше	Сіздердің	ыңыз/іңіз, ңыз/ңіз
3 жақ	көпше	Олардың	сы/сі, ы/і

Жіктік жалғаулар

Жақ	Сан	Есімдік	Жалғаулар
1 жақ	жекеше	Мен	мын/мін, бын/бін, пын/пін
2 жақ	жекеше	Сен	сын/сің
2 жақ	жекеше	Сіз	сыз/сіз
3 жақ	жекеше	Ол	-
1 жақ	көпше	Біз	мыз/міз, быз/біз, пыз/піз
2 жақ	көпше	Сендер	сындар/сіндер

2 жақ	көпше	Сіздер	сыздар/сіздер
3 жақ	көпше	Олар	-

Жақ	Сан	Есімдік	Жалғаулар
Жақ	Сан	Мен	м
1 жақ	жекеше	Сен	ң
2 жақ	жекеше	Сіз	ңыз/ңіз
2 жақ	жекеше	Ол	-
3 жақ	жекеше	Біз	қ/к
1 жақ	көпше	Сендер	ндар/ндер
2 жақ	көпше	Сіздер	ңыздар/ңіздер
2 жақ	көпше	Олар	-

Ғимарат – сәулет өнерінің белгілі бір үлгі-тәсілімен салынған құрылыс, үй. Оған түрлі үлгідегі тұрғын үйлер, қонақ үйлер, әр түрлі мақсатқа арнап салынған сарайлар (мәдениет сарайы, спорт сарайы, оқушылар сарайы, т.б.) мен мәдени-қоғамдық құрылыстар (театр, клуб, т.б.), мекеме үйлері, балабақша, мектеп үйлері мен басқа оқу орындары үйлері, кесенелер мен дүкендер мен сауда үйлері, әр түрлі тұрмыстық қызмет көрсету орындарының үйлері, т.б. архитектуралық құрылыстар жатады. Қазақстандағы көрнекті көне және жаңа ғимараттардың үлгілері ретінде Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Алматықаласындағы Республика сарайы сияқты ерекше архитектуралық үлгіде салынған құрылыстарды атауға болады.

33–апта

Жұрнақтарды қайталау. Мақта өсіру.

*Жұрнақ – жалғанған сөзінен жаңа сөз тудыратын немесе сөзді түрлендіретін қосымша. Қазақ тіліндегі жұрнақ мағынасы мен қызметіне қарай екіге бөлінеді:*

сөз тудыратын жұрнақтар өзі жалғанған сөзінен жаңа сөз тудырады. Мысалы, “жылқы-шы”, “білім”, “жасы-қ”, “таға-ла”; сөз түрлендіретін жұрнақтар өзі жалғанған сөзіне үстеме мағына қосып, сөздің тұлғасын өзгертеді. Мысалы, “көк-шіл”, “көк(г)-ірек”, “сары-лау”, “сары-рақ”, “жаз-ып”, “жаз-ғалы”. Жұрнақтар сөзге белгілі бір жүйеде рет-ретімен жалғанады.

Түбірге тете сөз тудыратын жұрнақтар, одан кейін сөз түрлендіретін жұрнақтар, бұлардан соң жалғаулар орналасады. Жұрнақтар түбірге де, туынды сөзге де жалғанады (“бас-шы”, “басшылық”, “ұйы-м”, “ұйым-дас-тыр-у-шы”). Жұрнақ құрамы мен қолданылу ерекшеліктеріне қарай да бірнеше топқа жіктеледі. Мысалы, жалаң, құранды, көп мағыналы, дара мағыналы, омонимдес, синонимдес, көне, жаңа, т.б. жұрнақтар. Шығу тарихы жағынан кейбір жұрнақтар жеке сөздердің көмекші морфемаға айналуынан пайда болған. Мысалы, “баратын”, “келетін” деген сөздердің құрамындағы “-тын/-тін” жұрнақғы “тұрған” деген сөздің өзгеріске ұшырап, ықшамдалуынан (“бара тұрған – баратын”, “келе тұрған – келетін”) жасалған. Жұрнақтардың бір тобы өзі жалғанған сөздердің мағынасын, түбірдің грамматикалық сипатын өзгертуі жағынан сөзжасам қосымшаларына жақын да, бір тобы жалғауларға жақын. Сондықтан олардың бір түрі модификациялық жұрнақтар, екінші түрі таза грамматикалық жұрнақтар деп қарастырылып жүр. Модификациялық жұрнақ жаңа мағыналы сөз тудырмағанмен, түбірге қосымша грамматикалық мағына үстеумен бірге түбір сөздің лексикалық мағынасына семантикалық реңк қосады. Қазақ тілінде модификациялық жұрнақтарға зат есімнің реңдік мәнді жұрнақтары, сын есімнің шырай жұрнақтары, реттік сан есім жұрнақтары, етістіктің етіс, күшейтпелі етістік, болымсыз етістік жұрнақтары жатады. Ал грамматикалық немесе категориялық жұрнақтар өзі жалғанған түбірге таза грамматикалық мағына үстеп, белгілі бір сөз табындағы түрленуінің көрсеткіші болады. Мысалы, есімше, көсемше, рай, шақ тұлғалары етістіктің түрлену көрсеткіштері болып табылады.

34–апта

Есімдіктерді қайталау. Атақты адамдардың өмірімен таныстыру. Алманың сорттары. Сұхбат.

Есімдіктердің мағыналары

Мағыналарына қарай есімдіктер мынадай топтарға бөлінеді:

1. жіктеу есімдіктер;
2. сілтеу есімдіктер;

3. сұрау есімдіктер;
4. өздік есімдіктер;
5. белгісіздік есімдіктер;
6. болымсыздық есімдіктер;
7. жалпылау есімдіктері;

Жіктеу есімдіктері

Жіктеу есімдіктеріне *мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар* деген сөздер жатады.

Жіктеу есімдіктері үнемі жақтық ұғыммен байланысты келеді. Сол себептен олар ылғи адаммен байланысты, демек, сөйлеуші, тыңдаушы және бөгде кісі деген ұғымдармен байланысты қолданылады.

Есімдіктердің де септеу жүйесі басқа есімдерімен негізінде бір ізді болғанымен, олардың әр тобына тән кейбір ерекшеліктері де жоқ емес. Мысалы, жіктеу есімдіктерінің жекеше түрлері төмендегінше септеледі:

Атау	<i>мен</i>	<i>сен</i>	<i>ол</i>
Ілік	<i>менің</i>	<i>сенің</i>	<i>оның</i>
Барыс	<i>маған</i>	<i>саған</i>	<i>оған</i>
Табыс	<i>мені</i>	<i>сені</i>	<i>оны</i>
Жатыс	<i>менде</i>	<i>сенде</i>	<i>онда</i>
Шығыс	<i>менен</i>	<i>сенен</i>	<i>онан (одан)</i>

Көмектес *менімен сенімен онымен*

Бұл үлгіден, басқа есімдерге қарағанда, жіктеу есімдіктерінің ерекшелеу септелетіні көрінеді. Бірақ бұл ерекшелік олардың көпше түрлеріне және *сіз* деген есімдіктерде кездеспейді, соңғылар (*сіз, біз, сендер, сіздер*) септеу жағынан басқа есімдерге ұқсас келеді.

Сілтеу есімдіктері

Сілтеу есімдіктеріне *бұл, осы, сол, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне* деген сөздер жатады. Бұл есімдіктер негізінен алғанда, сілтеу, көрсету, нұсқау сияқты ишараттарды білдіріп, қай? қайсы? деген сұрауларға жауап беретін атрибутивтік сөздер.

Сұрау есімдіктері

Сұрау есімдіктері мыналар: *кім? не? неше? қай? қандай? қанша? қалай? қашан?*

Бұлардан басқа да бірнеше сұрау есімдіктері бар, бірақ олар - белгілі жолдармен жоғарыда көрсетілген негізгі сұрау есімдіктерінен жасалған есімдіктер.

Өздік есімдік

Қазақ тілінде өздік есімдікке жалғыз ғана өз сөзі жатады. Бұл есімдік көбінесе *өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріңіз* деген сияқты оңаша және ортақ тәуелдеулі түрде қолданылады.

Белгісіздік есімдіктері

Белгісіздік есімдіктер деп мағыналары жағынан заттар мен құбылыстарды нақтылы түрде білдірмей, белгісіз мәнде айтылатын сөздерді айтамыз.

Белгісіздік есімдіктердің жасалауына бір, әр, әлде деген үш сөз ұйытқы болып қызмет атқарады, белгісіздік есімдіктер осы сөздердің кейбір басқа есімдіктермен бірігуі арқылы жасалады.

Мысалы:

*Біреу, кейбіреу, кейбір, қайсыбір, әрбір, бірнеше, бірдеме (бірнеше).*

*Әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай. әрине*

*Әлдекім, әлдене, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалай, әлдеқашан (алдақашан).*

Болымсыздық есімдіктері

Болымсыздық есімдіктер негізінде еш деген сөзбен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы жасалады.

Мысалы: *еш, ешкім, ешбір, ештеме, дәнеңе, ешқашан, ешқандай, ешқайсы.* Болымсыздық сөйлемде болымсыздық мағына білдіретін емес, жоқ деген сөздермен және етістіктің болымсыз түрімен байланысты қолданылады (*ешкім айтқан емес; ешкім айтқан жоқ; ешкім айтпады* т. б.).

Жалпылау есімдіктері

Жалпылау есімдіктері деп мағына жағынан кем дегенде екі я онан көп заттар мен құбылыстарды жинақтай атау үшін қолданылатын сөздерді айтамыз.

Жалпылау есімдіктеріне бәрі, барлық, барша, бар (*бар адам*), күллі, бүкіл, түгел деген сөздер ғана жатады.

35—апта

Үстеуді қайталау. Менің мамандығым. Өз мамандығы туралы айту.

Негізгі үстеулерге келесі сөздер жатады: *әрең, азар (әзер), әдейі, жорта, қасақана, ұдайы, үнемі, дереу, шатишаң, бағана, қазір, енді, ілгері, жоғарғы, төмен, әрі, бері, кері, әрмен, бермен, ерте, кеше, нақ, дәл, нағыз, сәл, әнтек, тек, мейлінше, лық(а), қақ, дәйім, һаман, әншейін, тым, тіпті, өсе, аса, ең, әбден, мүлде(м), төтенше, ерекше, орасан* т. б.

Негізгі үстеулердің мынадай үш түрлі ерекшеліктері бар:

Негізгі үстеулердің көпшілігінен шырай категориясы жасалады. Демек, оларға -рақ, -рек, -лау, -леу жұрнақтары жалғанады, алдынан (бұрын) шырай туғызатын өте, аса, тіпті, мейлінше, қабағат сияқты күшейткіш сөздер қолданылады. Мысалы:

<i>бұрын</i>	<i>бұрынырақ</i>	<i>бұрындау</i>	<i>тым бұрын</i>	<i>кейін</i>	<i>кейінірек</i>	<i>кейіндеу</i>	<i>өте кейін</i>
<i>ілгері</i>	<i>ілгерірек</i>	<i>ілгерілеу</i>	<i>аса ілгері</i>	<i>әрі</i>	<i>әрірек</i>	<i>әрілеу</i>	<i>тым әрі</i>
<i>әрмен</i>	<i>әрменірек</i>	<i>әрмендеу</i>	<i>тіпті әрмен</i>	<i>былай</i>	<i>былайырақ</i>	<i>былайылау</i>	<i>тым былай</i>

Негізгі үстеулердің кейбіреулері қосарланып та, плеонизм жолымен қабаттаса да қолданылады. Мысалы: *құр босқа, жай босқа, текке босқа, бос бекерге, құр бекер, бекерден-бекер, бостан-босқа, тектен-тек, бостан-бос, құрдан-құр* т. б.

Негізгі үстеулерден қосымшалар арқылы да, қосарлану арқылы да, басқа сөздермен тіркесіп те, туынды үстеулер жасала береді. Мысалы: *әрең, әрең-әрең, азар-азар, азар деп, азар-азар деп, әдейілеп, ұдайылап, әрі-бері, бұрынды-соңды, ілгері-кейін, жоғарылы-төменді, енді-енді, кейінде, кейіннен, ендігәрі* т. б.

Туынды үстеулер

Туынды үстеулер деп басқа сөз таптарынан түрлі қосымшалар арқылы, сөздердің бірігу және қосарлану, тіркесу тәсілдері арқылы, сондай-ақ, кейбір сөз тіркестерінің тұрақтануы арқылы жасалған (я үстеуге айналған) үстеулерді айтамыз.

Құрылысы мен құрамы жағынан туынды үстеулер екі топқа бөлінеді: '*жалаң туынды үстеулер мен күрделі туынды үстеулер*.

Жалаң туынды үстеулер

Түрлі қосымшалар арқылы жасалған үстеулерді жалаң туынды үстеулер дейміз. Жалаң туынды үстеулерге жалғанатын қосымшалар екі түрлі болады: біреулері жұрнақтар арқылы жасалады да, біреулері әр түрлі жалғаулардың көнеленуі арқылы үстеуге айналды.

Жұрнақтар арқылы жасалатын жалаң үстеулер

Бұлар арнаулы жұрнақтар арқылы жасалады. Ондай үстеу тудыратын жұрнақтар мыналар: -ша, -ше жұрнағы. Осы жұрнақ арқылы жасалған үстеу мағына жағынан негізінде амалдың қалай я қалайша істелетіндігінің бейнесін білдіреді. Бұл жұрнақ жалқы зат есімдерге де, жалпы зат есімдерге (мысалы: *Омаровша, Аманкелдіше, құсша, адамша*), олардың жекеше түріне де, көпше түріне де (мысалы: *батырша, батырларша*) және тәуелді түріне де (*көзімше, көзіңше, көзімізше, көзіңше* т. б.) жалғанып үстеу тудырады.

Осы жұрнақ арқылы кейбір негізгі сын есімнен де (*ескіше, жаңаша, басқаша* т. б.), туынды сын есімнен де (*биылғыша, бұрынғыша*) үстеу жасалады; жіктеу есімдіктерінен де (*менше, меніңше, сендерше*), өздік есімдіктен де (*өзімше, өздерінше*), кейбір белгісіздік есімдіктерден де (*әлдекімше, кейбіреулерше*) үстеу сөздер туады.

-лай, -лей (-дай, -дей, -тай, -тей) жұрнақтары. Мысалы: *осылай, екіншілей, жастай, жібектей, күздей, қыстай* т. б.

-дайын, -дейін, (-тайын, -тейін) жұрнақтары. Бұл жұрнақтар — -дай және -ын деген қосымшалардан құралған құранды жұрнақтар. Мысалы: *Түлкідейін тун қатып, Бөрідейін жол тартып (Махамбет)*.

-шалық (-ша+лық), -шама (-ша+ма) жұрнақтары сілтеу есімдіктерінен үстеу жасайды.

Мысалы: *осыншама, соншама, соншалық, мұнша, мұншалық* т. б.

Көсемшенің құрамды -лап, -леп (-дап, -деп, -тап, -теп) формалары қосылған сөздің бәрі бірдей, әрине, үстеу бола бермейді. Адвербиалданған формалары ғана үстеуге жатады.

Мысалы: *Қырықтап, отыздап, жаяулап, темірлеп* т. б.

-шылап (-шілеп) жұрнағы. Бұл жұрнақ - бастапқы -ша және -лап деген қосымшалардан құралған.

Мысалы: *ішкері, сыртқары, тысқары, ұшқары* т. б.

қары (-кері) жұрнағы санаулы біраз сөздерге жалғанып үстеу жасайды. Мысалы: *ішкері, сыртқары, тысқары, ұшқары* т. б.

-ын, -ін, -сын, -сін қосымшалары тек біраз сөздерге ғана қосылып үстеу тудырады.

Мысалы: *қысын, жазын, жасырын, астыртын, үстіртін, ертеңгісін, кешкісін* т. б.



### Көнеленген формалар арқылы туған жалаң үстеулер

Оларға бір алуан сөздердің белгілі бір септік жалғау формасында әбден қалыптасып, бір-бірінен бөлінбейтіндей болып көнеленген сөздер жатады. Осындай көнеленген "қосымшалар" төркіндері септік жалғауларынан болғандықтан, сыртқы тұлғасы жағынан сол септіктердің жалғауларына ұқсас келеді. Септелу қашан да болсын есімдерге тән қасиет болғандықтан, мұндай үстеулер кейбір септік жалғауларының көнеленуінің нәтижесінде көбінесе есімдерден туады.

Барыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер: *зорға, босқа, текке, жатқа, бекерге, әреңге, алға, артқа, ас(т)қа, үс(т)ке, бірге, кешке, ертеңіне, әзірге, қазірге, күнге* т. б.

Жатыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер: *алда, артта, аста, үсте, кейде, әлгіде, жаңада, баяғыда, күнде, түнде, аңдаусызда, абайсызда, қапыда, ілуде, қапелімде, қапылыста, лезде, жәптелдем(е)де* т. б.

Шығыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер: *шалқасынан, жүресінен, етпетінен, төмеден, кеңінен, тезінен, қырынан, келтесінен, басынан, әуелден, ежелден, шетінен, лажсыздан, тосыннан, кенеттен, қатеден* т. б.

Көмектес септіктің көнеленуінен туған үстеулер: *кезекпен, шынымен, қалпымен, жайымен, ретімен, жөнімен, түйдегімен* т. б.

### Күрделі туынды үстеулер

Күрделі туынды үстеулер деп екі сөзден я бірігіп, я қосарланып жасалған немесе кемі екі я онан да көп сөздерден тіркесіп тұрақтанған үстеулерді айтамыз. Осыған қарай, күрделі туынды үстеулер үш түрлі жолмен жасалады.

Басқа сөз таптарына тән сөздер бірігудің нәтижесінде үстеулерге айналады. Ондай үстеулер мыналар: *бүгін, биыл, таңертең, жаздыгүні, қыстыгүні, әрқашан, әрдайым, екіншәрі, ендігәрі, түнеугүні, бірталай, ешқашан, әлдеқайда, бірқатар, неғұрлым, әжептәуір, бірқыдыру, әлдекімше, сөйтіп* т. б.

Сөздердің қосарлану арқылы туған үстеулер мынадай: *әрең-әрең, енді-енді, зорға-зорға; қолма-қол, сөзбе-сөз, көзбе-көз; бет-бетімен, тоб-тобымен, лег-легімен; үсті-үстіне, алды-артына, қолды-қолына; бостан-босқа; тектен-текке, турадан-тура; күнде-күнде, жылда-жылда; сөйлей-сөйлей, көре-көре, айтып-айтып; жата-жастана; кие-жара, күліп-ойнап, аунап-қунап; бір-бірлеп, он-ондап, мың-мыңдап; бірте-бірте, біртіндеп-біртіндеп; оқтың-оқтың, оқта-текте, анда-санда; жапа-тармағай, тырым-тырағай* т. б.

Жазуда бөлек таңбаланып, мағына жағынан бір сөз ретінде қолданылатын грамматикаланған және идиомаланған тұрақты тіркестер - оларды екі салаға бөлуге болады.

Грамматикаланған жай тіркестер: *күні кеше, күні бүгін, күні ілгері, ала жаздай, күндерде бір күн, ертеден қара кешке, ала сала, келе сала, айта келе, оқи келе, жаза келе, алдын ала, соңын ала, сабаққа бола, кітапқа бола* т. б.

Идиомаланған тұрақты тіркестер: *қас пен көздің арасында, аяқ астынан, түн баласында, қаннен қаперсіз, елден ала бөтен, томаға тұйық, құлан таза* т. б.

### Үстеулердің мағыналары

Үстеу сөздер мағынасына қарай таптастырғанда мынадай сегіз топқа бөлінеді.

1. Мезгіл үстеулер
2. Мекен үстеулер
3. Мөлшер үстеулері
4. Сын (я бейне) үстеулері
5. Күшейту (я ұлғайту) үстеулері
6. Максат үстеулері
7. Себеп-салдар үстеулері
8. Топтау (я бөлу) үстеулері